КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 15 желтоқсан № 1013-25-00-2/2221 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы К.К. Шакаров,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"НҰР" жеке кәсіпкер Гулноза Самадовна Аккаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "НҰР" жеке кәсіпкеріне Гулноза Самадовна Аккаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"НҰР" жеке кәсіпкер Гулноза Самадовна Аккаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"НҰР" жеке кәсіпкер Гулноза Самадовна Аккаевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **К.К. Шакаров**

Құжатқа қол қойылған: Шакаров К. К., 15.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.01.2026, судья Шакаров К. К., 26.01.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

1013-25-3-1/2453